

"Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлікті жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 490 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлікті жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне қарауға енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғаларға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы

Осы Заң мүлікті, оның ішінде бұрын жариялы экономикалық айналымнан шығарылған ақшаны жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін декларациялауға көшуге байланысты, оларды табыс ретінде танымай және мүлкін жария еткен Қазақстан Республикасының азаматтарды, оралмандарды және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жекелеген қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жауапкершіліктен босата отырып, мемлекеттің жария ету жөніндегі біржолғы акцияны жүргізуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мүлікті жария ету - табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиесілі емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің т а н у р ә с і м і ;

2) мүлікті жария етуді өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жергілікті атқарушы органдардың жанынан құрылатын және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерінен тұратын, Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан

Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдардың мүлкін (ақшасын қоспағанда) жария ету не жария етуден бас тарту туралы шешім шығаруға уәкілеттік берілген комиссия;

3) мүлікті жария еткені үшін алым - осы Заңда белгіленген, мүлікті жария етуді өткізгені үшін бюджетке төленетін міндетті, қайтарылмайтын төлем;

4) мүлікті жария ету субъектілері (бұдан әрі - жария ету субъектілері) - мүлкін осы Заңда белгіленген тәртіпте жария ететін Қазақстан Республикасының азаматтарын, оралмандар және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар;

5) тиесілі емес тұлға - алған табыстарын жасыру мақсатында жария ету субъектісінің табыстарына алынған мүліктің меншік иесі ретінде әрекет еткен тұлға.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның күші жария ету мерзімі басталғанға дейін алған мүлікті жария ететін және жария еткен субъектілерге қолданылады.

2. Осы Заңның күші Заңды қолданысқа енгізу күніне:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190, 191, 193 (осы абзацта көрсетілген, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарында көзделген қылмыстарды жасау арқылы алынған ақша қаражатын жария еткен жағдайда), 208, 213, 215 - 217, 218, 221, 222-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін оларды кінәлі деп таныған соттың айыптау үкімі;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 118, 143, 143-2, 155, 155-1, 155-3, 155-4, 155-5, 156, 157, 166, 168-1, 178, 185, 187, 205-1, 205-2, 206-209, 214, 237, 239, 357-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін оларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы уәкілетті органның сот актісі не қаулысы заңды күшіне енген жария ету субъектілеріне қатысты қолданылмайды.

3-бап. Мүлікті жария етудің ерекшеліктері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, мынадай мүлік:

а қ ш а ;

б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ;

заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі (бұдан әрі – қатысу үлесі);

тиесілі емес тұлғаға ресімделген құрылыстар (ғимараттар);

жария ету субъектілерінің меншік құқығына жататын, олар орналасқан жер учаскелерінің мақсатты пайдалануына және құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес келетін құрылыстар (ғимараттар);

Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүлік жария етуге жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген:

жеке адамға қарсы, отбасыға және кәмелетке толмағандарға, адамның және азаматтың конституциялық және өзге құқықтары мен бостандықтарына, бейбітшілікке

және адамзат қауіпсіздігіне, конституциялық құрылыс негіздері мен мемлекет қауіпсіздігіне, меншікке, ақпараттық технологиялар қауіпсіздігіне, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және имандылыққа, басқару тәртібіне, сот төрелігіне және жазаны орындау тәртібіне қарсы қылмыстарды жасау;

экологиялық, көлік, әскери қылмыстарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстарды, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды (осы Заңның 13-бабы 1-тармағының екінші абзацында көрсетілгендерді қоспағанда), оның ішінде экономикалық контрабанданы жасау;

жалған ақша мен бағалы қағаздарды жасау және өткізу, жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, жасау немесе өткізу;

инсайдерлік мәмілелер және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау нәтижесінде алынған мүлік;

сондай-ақ мынадай:

сот тәртібінде оған құқықтар дауланып жатқан;

Қазақстан Республикасының заңдарында оған құқық беруге жол берілмейтін мүлік;

кредит ретінде алынған ақша;

мемлекет пайдасына беруге жататын мүлік;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шеңберінде құрылысы мемлекеттік бюджет есебінен аяқталған жылжымайтын мүлік объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар жария етуге жатпайды.

4-бап. Мүлікті жария ету мерзімі

Мүлікті жария ету мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталады және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

Мүлікті (ақшадан басқа) жария ету үшін құжаттарды ұсыну мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталады және 2015 жылғы 30 қыркүйекте аяқталады.

5-бап. Жария етуге ұсынылған және жария етілген мүлік туралы ақпарат

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар мүлікті жария етуді өткізу процесінде алынған ақпараттың құпиялылығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге міндетті.

2. Осы Заңның жария етілген мүліктің бөлігіндегі мақсаттары үшін осы Заңға сәйкес мүлікті жария етуді өткізу процесінде алынған ақпарат негізінде, жария ету

субъектісіне қатысты процестік әрекеттерді, оның ішінде қылмыстық қудалауды немесе әкімшілік және тәртіптік жазалау шараларын қолдануды жүзеге асыру жөніндегі процестік әрекеттерді жүргізуге тыйым салынады.

6-бап. Мүлікті жария еткені үшін алым

1. Мүлікті жария еткені үшін алым (бұдан әрі – алым): осы Заңның 8-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жағдайда – а қ ш а н ы ;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жария еткен кезде ө н д і р і л і п а л ы н а д ы .

2 . А л ы м :

1) осы Заңның 8-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жинақ шотынан алынған немесе басқа шотқа аударылған ақша сомасының;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүліктің бағалау құнының о н п а й ы з ы м ө л ш е р і н д е т ө л е н е д і .

Осы тармақшада көрсетілген мүлік бойынша, алым мүлікті жария етуге құжаттарды тапсырғанға дейін төленеді.

7-бап. Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуді өткізуді ұйымдастыру және оның тәртібі жөніндегі жалпы ережелер

1. Мүлікті (ақшадан басқа) жария ету жергілікті атқарушы органның жанындағы комиссияға жария ету субъектілерінің мынадай құжаттарды:

1) осы Заңға 1-қосымшаға сәйкес нысанда мүлікті жария етуді өткізуге екі данадағы ө т і н і ш т і (б ұ д а н ә р і - ө т і н і ш) ;

2) өтінішті берген кезде түпнұсқаны көрсету арқылы, жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т т ы ң к ө ш і р м е с і н ;

3) осы Заңда көзделген жағдайларда, өзге де құжаттарды тапсыруы арқылы ө т к і з і л е д і .

2. Жария ету субъектілері өтінішті, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жылжымайтын мүлікті жария ету мұндай мүліктің орналасқан жері бойынша комиссияға өтініш берілетін жағдайларды қоспағанда, тұрғылықты орны б о й ы н ш а к о м и с с и я ғ а б е р е д і .

3. Шет тілінде ресімделген құжаттар нотариат куәландырған мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылуға тиіс.

4. Жария ету субъектілері, осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы комиссияның шешімі бар мүлікті жария етуге мүлікті жария ету мерзімі ішінде қайтадан өтініш беруге қ ұ қ ы л ы е м е с .

5. Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуге ұсынылған құжаттар себептері көрсетіліп:

1) осы Заңда белгіленген құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған;

- 2) ұсынылған құжаттарда өшіріп тазалау мен түзетулер болған;
- 3) ұсынылған құжаттар осындай құжаттарға Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда қайтарылуға ж а т а д ы .

Мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттарды қайтаруға негіз болған себептерді жойған кезде тұлға осы Заңда белгіленген мүлікті жария ету мерзімі ішінде мүлікті жария етуге қайтадан өтініш беруге құқылы.

6. Мүлікті жария етуге өтінішті комиссия өтініш ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

7. Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуді өткізуді ұйымдастыру қағидаларын, жария етілген мүліктің тізілімін жүргізу тәртібі мен нысанын, комиссия туралы ережені Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайды.

8. Осы Заңда белгіленген талаптар сақталған жағдайда комиссия: мүлікті (ақшадан басқа) жария ету туралы шешім шығарады; жария ету субъектісіне мүлікті (ақшадан басқа) жария ету туралы шешімді береді; мәліметтерді жария етілген мүліктің тізіліміне енгізеді.

9. Комиссия мүлікті жария етуден бас тартуды осы Заңның 2 және 3-баптарында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда жүзеге асырады.

10. Мемлекеттік тіркелуге жататын мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай тіркеу күнінен бастап жария етілді деп есептеледі.

11. Мемлекеттік тіркелуге жататын мүлік жария етілген жағдайда, уәкілетті органдар жария ету субъектісі өтінішінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды ресімдейді.

12. Құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікке құжаттарды ресімдеуге уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар мүлікті жария ету субъектісіне тиісті құжаттарды оның жүгінген күнінен бастап екі айдан кешіктірмейтін мерзімде беруге міндетті.

13. Жария етілетін мүлік жөнінде ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жария ету субъектілері жауапты болады.

Жария етілген мүлікті ресімдеуге байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық шығыстарды жария ету субъектілері дербес төлейді.

8-бап. Ақшаны жария етуді өткізуді ұйымдастыру және оның тәртібі жөніндегі жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан осындай банктердің филиалдарын қоспағанда, жария ету мақсатында жария ету субъектісінің өтінішінің негізінде дербес жинақ шотын (бұдан әрі – жинақ шоты) ашады.

2. Ақша мынадай шарттардың жиынтығы сақталған: жария ету мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде

ашылған жинақ шотына ұлттық және (немесе) шетел валютасында жария етілетін ақшаны салған (аударған);

жария етілетін ақша жинақ шотында, егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, жария ету мақсатында осындай шотқа ақшаны салған (аударған) күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс ай жатқан кезде жария етуге жатады.

Бұл ретте шетел валютасының тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайды.

3. Жария ету субъектісі осы баптың 2-тармағының үшінші абзацында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін:

1) жекешелендіру объектілерін, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына («Халықтық IPO») шығару бағдарламасы шеңберіндегі акцияны қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының топтар ұйымының активтері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алу арқылы, сондай-ақ алғашқы орналастыру шеңберінде Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялаған:

а) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

б) Қазақстан Республикасының ұлттық басқарушы холдингтерінің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигацияларына;

в) қазақстандық қор биржасында орналастырылатын өзге де бағалы қағаздарға,

2) екінші деңгейдегі банктер осындай сомадан алымды акцептсіз алып қою жағдайы кезінде жинақ шотынан алынған немесе басқа шотқа аударылған ақша сомасының шегінде жария етілген ақшаға билік етуге құқылы.

4. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған жинақ шоттарына салынған (аударылған), жария етілген ақшаның сақталуы Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес реттеледі.

5. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жинақ шоттарды ашу және жүргізу ерекшеліктерін, жария ету субъектілеріне жария ету үшін жинақ шоттарына ақшаны салғанын (аударылғанын) растайтын құжатты беру тәртібін, сондай-ақ жинақ шоттарындағы ақшаның есебін жүргізуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайды.

6. Ақша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған жинақ шоттарына салынған (аударылған) күнінен бастап жария етілді деп есептеледі.

Жинақ шот ашылған және оған ақша салынған (аударылған) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі жария ету субъектілеріне осы Заңға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жария ету үшін салынған (аударылған) ақшаның сомаларының мөлшерін растайтын құжатты береді.

7. Осы Заңға сәйкес жария етілген ақша сомасы жария ету субъектісінің табысы ретінде танылмайды.

9-бап. Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс орналасқан мүлікті жария ету

1. Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүлікті немесе эмитенттері шет мемлекетте тіркелген бағалы қағаздарды немесе шет мемлекетте тіркелген заңды тұлғалардың қатысу үлесін (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс орналасқан мүлік) жария ететін жария ету субъектілері осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүлік және шет мемлекетте тіркелген заңды тұлғалардың қатысу үлесі бойынша - осындай мүлікке құқық белгілейтін құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) эмитенттері шет мемлекетте тіркелген бағалы қағаздар бойынша - құқықтарды есепке алудың тиісті жүйесіндегі есептік шоттан үзінді көшірмені не резиденті бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген, осы бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын өзге құжатты;

3) мүліктің бағалау құнын растайтын құжатты;

4) алымды төлегенін растайтын құжатты ұсынады.

10-бап. Тиесілі емес тұлғаға ресімделген мүлікті жария ету

1. Тиесілі емес тұлғаға ресімделген мүлікті жария ететін жария ету субъектілері осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:

1) мүлікке меншік құқығын белгілейтін құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) тиесілі емес тұлғаның мүлікті жария ететін жария ету субъектісіне мүлікті өтеусіз бергені туралы нотариат куәландырған шарттың көшірмесін;

3) бағалы қағаздар бойынша - құқықтарды есепке алудың тиісті жүйесіндегі есептік шоттан үзінді көшірмені не резиденті бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген, осы бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын өзге құжатты;

4) заңды тұлғаларға қатысу үлесі бойынша - заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін, заңды тұлғаның мөрімен бекітілген мемлекеттік қайта тіркеу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірмені ұсынады.

2. Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс орналасқан осы баптың 1-тармағында көрсетілген мүлікті жария ететін жария ету субъектілері осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:

- 1) мүліктің бағалау құнын растайтын құжатты;
- 2) алымды төлегенін растайтын құжатты ұсынады.

11-бап. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, оған құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария ету

1. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, оған құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария ететін жария ету субъектілері осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:

1) ғимараттар мен құрылыстарды объектінің құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкестігіне техникалық тексеруді жүзеге асыратын аттестатталған сарапшының қ о р ы т ы н д ы с ы н ;

2) жылжымайтын объектінің техникалық төлқұжатын ұсынады.

2. Жария етілген жылжымайтын мүлік, осындай мүлікті жария ететін жария ету субъектісі туралы ақпаратты комиссия жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға береді.

3. Жария ету субъектілері жария етілетін жылжымайтын мүлікке меншік құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жария ету мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей рәсімдеуге міндетті.

Жылжымайтын мүлікті жария еткен жария ету субъектілері көрсетілген мүлікке ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап билік етуге құқылы.

12-бап. Осы Заңға сәйкес жария етілген жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға қабылдаудың және жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеудің ерекшеліктері

Осы Заңға сәйкес жария етілген жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға қабылдауды ұйымдастыру мен жүргізудің, сондай-ақ жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеудің ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

13-бап. Мүлкін жария еткен жария ету субъектілерін жауаптылықтан босату

1. Қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтан босату бөлігінде рақымшылық жасаудың күші осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін жасалған мынадай іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде алынған мүлікті жария еткен жария ету субъектілеріне :

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 (кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерінен басқа), 191, 193 (сыбайлас жемқорлық қылмыстарды не ұйымдасқан топ және (немесе) қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыстарды қоспағанда, осы тармақта көрсетілген, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарында көзделген қылмыстарды жасау арқылы алынған мүлікті жария еткен жағдайда), 208, 213, 215 - 217, 218, 221, 222-баптарында көзделген

қ ы л м ы с т а р д ы ң ;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 143, 143-2, 155, 155-1, 155-3, 155-4, 155-5, 156, 157, 166, 168-1, 178, 185, 187, 205-1, 205-2, 206 - 209, 214, 357-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтардың белгілері бойынша қолданылады.

3. Қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершіліктен босату бөлігіндегі осы тармақтың ережелері жария етілген мүліктің шегінде қолданылады.

14-бап. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі тоқтату

Осы Заңның 13-бабында көзделген қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы соттар не уәкілетті орган қарамаған қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер қозғалмайды, ал қозғалған істер Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен тоқтатылуға жатады.

15-бап. Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғаларға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғаларға рақымшылық жасау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

16-бап. Жария етуді өткізу жөніндегі комиссия қабылдаған шешімдерге қатысты құқық мирасқорлығы және өкілдік

Мүлікті жария ету мәселелері жөніндегі комиссияның, оның ішінде комиссия қызметінің тоқтатылған кезінен бастап, мүдделерін жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Құқық мирасқорына мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы комиссия шешім шығарған мүлікке қатысты қуынушы және жауапкер өкілеттігі ауысады.

17 - б а п . Шағымдану тәртібі

Комиссияның шешімдері, сондай-ақ мемлекеттің мүлікті жария ету жөніндегі біржолғы акцияны жүргізуге байланысты қоғамдық қатынастардан туындайтын өзге де әрекеттерге (әрекетсіздікке) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалады.

18-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан
ЗаңынаРеспубликасының
1 - қосымша

(өтініш берілетін орган)

Мүлікті жария етуді өткізуге арналған**ӨТІНІШ****(екі данада толтырылады)**

АТЫ-ЖӨНІ _____

ЖСН _____

Тұратын жері _____

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____, сериясы _____

№ _____ берген _____ берілген күні _____

Жария етілетін мүліктің тізбесі	Мүліктің (мың теңге)	құны	Мекенжай бойынша орналасқан
Мүліктің жиынтық құны			

Өтінішке мынадай құжаттарды (атауы, сериясы, нөмірі,
қашан және кім берді) қоса беремін:

_____ күні, айы, жылы (өтініш берушінің қолы) (өтініш берушінің Т.А.Ә.)

_____ (өтінішті қабылдап алған маманның Т.А.Ә. және қолы)

_____ (орган басшысының Т.А.Ә. және қолы)

М.О. _____ Өтініштің қабылдап алынған күні _____ 20__ жыл

Қазақстан
ЗаңынаРеспубликасының
2 - қосымша

_____ (органның атауы)

**Ақшаны жария ету жөніндегі жинақ есепшотына ақшаны
салудың/аударудың растау туралы
анықтама**

Анықтаманы берген күні «__» _____ 20__ жыл

Банк _____
(банкінің толық атауы)

Жария етуші субъектісі _____

(аты-жөні, жеке басын куәландыратын құжат (№, кім және қашан берген), тұратын жері
, _____ Ж С Н)
«__» _____ 20__ жылы _____ жинақ есепшотына сомасында ақша
салғанын/аударғанын _____ растайды.

(цифрлармен және жазумен)

Банктің уәкілетті тұлға

Банктің мөрі